

ЖОБА БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР:

2026 жылғы 27 ақпанда Сыздықбеков Ержан Серіковичтің диссертациялық жұмысы қорғалды. Ол 2025–2027 жылдарға арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру конкурсы аясында орындалатын АР26103509 «Қазақстандағы сыртқы көші-қонның гендерлік аспектісі және мигранттардың бейімделуі» ғылыми-зерттеу жобасының жұмыс тобының мүшесі, «Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы, 6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші болып табылады.




Сыздықбеков Е.С.-тің диссертация тақырыбы: «Қазақстан Республикасындағы сыртқы еңбек көші-қонын мемлекеттік басқару». Зерттеу сыртқы көші-қон процестерін мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің өзекті мәселелеріне арналған. Жұмыста көші-қон саясатының тиімділігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар берілген.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері Erasmus+ Jean Monnet бағдарламасы шеңберіндегі «Еуропалық Одақтың көші-қон саясаты» (101085024-EUMP-ERASMUS-JMO-2022-HEI-TCH-RSCH) жобасы аясында алынған халықаралық тәжірибені ескере отырып қалыптастырылған. Аталған жобада диссертант жоба жетекшісі болды.

Диссертацияны қорғау ізденушінің «Қазақстандағы сыртқы көші-қонның гендерлік аспектісі және мигранттардың бейімделуі» жобасына қатысуымен байланысты ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырудың маңызды кезеңі және құрамдас бөлігі болып табылады. Диссертацияда алынған нәтижелер аталған жобаны одан әрі іске асыру үшін, оның ішінде көші-қон процестерін талдау, басқарудың институционалдық тетіктері және еңбек мигранттарының

әлеуметтік бейімделуі мәселелері бойынша теориялық-әдіснамалық негіз болып табылады.



Зерттеу нәтижелерін енгізу Қазақстан Республикасында мемлекеттік көші-қон саясатының тиімділігін арттыруға, сыртқы көші-қонды реттеудің ғылыми негізделген тәсілдерін дамытуға ықпал етеді деп күтілуде.